

**ЖЕЗҚАЗҒАН-ҰЛЫТАУ АЙМАҒЫНЫҢ КӨНЕ КЕН ОРЫНДАРЫ****Әлкей Е.А.,** г.ғ.м., бөлім меңгеруші

Қарағанды облысы «Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы» КММ

**Шохатаев О.С.,** а.э.м., аға оқытушы

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ., Қазақстан

Қола дәуірі Ұлытау өңірін қоныстанған адамдардың мыс өндірісі бертін келе тоқтағанмен, мысты болған ежелгі ошақтардың бірі екендігі кейіннен анықталған археологиялық қазбалар б металлургия өндірісінің болғанын дәлелдейді. Осы өңірді зерттеген орыс ғалымдары П.С. Паллас, Н. Рычков кен өндірісі ерте кезден басталғанын айтады.

Қазақ тіліндегі «жез» - (мыс) термині де ғылыми тұрғыда қызығушылық тудырады. Өрісі түркі тектес тілдерде, берісі қазақ тілінде ертеден қолданылатын «жез» - (jaz, jas) деген сөз ерте заманда санскрит, көне грек, латын, гот тілдерінде де «жез» деген атауда қолданылған. Мюллер мен Гладстонның зерттеулері бойынша, Гомердің әйгілі «Илиада», «Одиссея» поэмаларында суреттелген пышақтар, найзаның ұштары тағы басқа да қару -жарақтар мыстан жасалған. Олардың пікірінше, Гомер заманында Грекияда қару-жарақ және құрал-сайман тек мыстан ғана жасалатын болған. Гесиод «қара темірлері жоқ, бірақ ыдыс-аяқтары мыстан, үйлері мыстан жасалған, жерді мыспен жыртытын» адамдар туралы жазды. Қазақтың «Ер Төстік», «Қара Мерген» секілді қиял-ғажайып ертегілерінде де Ер Төстік, Қара Мерген сияқты батырлар, олардың тұлпарлары үнемі жез сарайға немесе темір құрсауға қамалады. Тіптен «Ер Төстік» ертегісінде Сорқұдық деген жер атының қайта-қайта аталуы да таң қалдырады.

Гректер алғашқыда мысты атакты шебердің атымен атаған. Кейінірек басқа терминнің пайда болуы азиаттық скифтермен сауда-саттықтың нәтижесі болуы мүмкін. Ғалымдардың пікірінше, ертедегі халықтар мысты және оның қалайы мен, мырышпен қорытпасын, яғни қола мен жезді қолданыста көп мөлшерде пайдаланған. Мысты және оның қорытпаларын гректер мен римдіктер тек сауда-саттық қатынастары нәтижесінде ғана алулары мүмкін еді.

Кейінірек гректер мысты es деп атай бастады. Мюллердің пікірінше бұл aes сөзінен туған. Біздің пікірімізше, бұл термин көне түркі тіліне тән. Латын тілінде jes сөзі aes сөзінің графикалық формасы ал, гот тілінде aiz. Бұл jes терминінің готтық варианты көне қыпшақ тіліндегі jez сөзіне сәйкес келеді. Мюллердің түсіндіруінде ауас (медь) деген санскрит термині aes және aiz сөздерімен тікелей байланысты. Санскритте ауаз сөзі алғашында мыс болып аударылғанымен, кейінірек темірдің пайда болуымен басқа екінші мағынаға ие болды. «Ведийская легенда» аңызында Syamat ауас сөзі қара қоңыр түсті металл және Ionitam ауас жылтыр металл деп айырады, деп жазды Мюллер. Демек, ертедегі индустарда мыс және темір атауларында нақты айырма болмаған. Ал, римдіктер, германдықтар және гректер тек қана мысты - aes, aiz деп атаған. Римдіктер біздің заманымызға дейінгі 57 жылы бай мыс рудниктері бар Кипр аралын жаулап алған соң ғана жезді «сургит» (куприум) деп атай бастаған. Дегенмен aes термині де қолданылды. Кипрден әкелінетін сапалы мысты, римдіктер aes surgium деп атады. Бұл термин Плинийде де кездеседі. III-IV ғасырлардан бастап римдіктер тек қана surgium атауын қолданды.

Академик К.М. Бэр металлургияға байланысты терминдер туралы: «не имеют корня ни в семитских, ни в кушитских, ни в арийских языках, надо отыскать первоначальный источник этих имен» деп жазды.

Қазақ тілінде бүгінге дейін кен өндіру мен металл өндірісіне байланысты - кен, кеніш, кенші, кен ошағы, кен қазған, кен шоқы, қалайы, қалайышы, қалайылаған, қола, қолаба, Қалба тауы, мырыш, мыршым т.б. сөздер сақталған және қолданыста.

Ежелгі тау-кен ісі Орталық Қазақстанның Жезді, Жезқазған, Қазан сынған, Қалайы қазған, Кенгей, Кеңгір, Кен қорытқан, Қорғасын тау, Ұстаның жалы, Темірші тау, Кентау секілді толып жатқан атаулармен жер-су аттарында (топонимикасында) да сақталған.

1941 жылы Жезқазғандағы Крестово карьерінің жанынан ұзындығы 80м. көлденеңі кесіндісі 1,2 шаршы метр болатын көне шахта табылды. Шахтадан тас ожау, қыш құмыра және құйма ыдыстың қалдығы шыққан. Қазу жұмысы кен желісінің бойымен жүргізілген. Шахтаның жанынан табылған шағын балқыту пеші ағаш пен ексеуілдің жанған қалдықтары ерте замандағы кеншілердің кен өндіру және балқыту ісін жеткілікті игергенін дәлелдейді. Сол кездің өзінде-ақ Сарыарқадан бір миллионнан астам бай мыс кенін өндірген.

Белгілі геолог С. Боллдың мағұлматы бойынша Жезқазған төңірегінің өзінен ондаған мың тонна жездің өндірілгені анықталған. Демек жез, қалайы қазбалары қазақ даласын мекендеген ұрпаққа көне заманнан – ақ белгілі екені, көрші елдерге де сол атау күйінде тарағаны белгілі. Археологиялық қазбалардың нәтижесі бойынша Жезқазған төңірегінен кен өндіру энеолит дәуірінен, яғни біздің эрамызға дейін төрт мыңжылдықтың соңын ала, екінші мыңжылдықтың басын ала көрініс таба бастаған.

Академик Әлкей Марғұлан «Мұның өзі қола дәуірі мәдениетінің неолит мәдениетімен үзілмей жалғасып келе жатқан сабақтастығын әйгілейді. Осынау өз заманының деңгейіндегі биік мәдениетке айғақ болар дәстүр сабақтастығы, яғни металлургия өндіріс біздің заманымыздың VIII-IV ғасырына дейін үзілмей жалғасып келгені археологиялық айғақтар, тарихи деректер, топонимикалық атаулар дәлелдейді», -деп атап өткен болатын [1, 69-70].

Ежелгі металлургия орталығының қалыптасуына Жезқазған-Ұлытау жер қыртысының кендерінің мол қоры әсер еткендігі даусыз. Себебі осы өңірдің кен қазу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік берген, территория жер бедерінің қолайлығы болды. Ұсақ шоқылы жердің орташа биіктігі 450-600 м. Сондықтан биік таулы жерлерге қарағанда ұсақ шоқылы жерлерде кенді игеру оңай.

Екіншіден, Сарыарқаның басқа аймақтары сияқты геологиялық ыңғайлы аймаққа жатады. Кенді қазып алып, оны жергілікті жерде байытуға мүмкіндіктің болуы, жер беті жер асты суларының байлығынан мүмкіндік болды. Мұнымен қатар, өңірдің кен табанды ескі аңғарларының Сарысу жер асты суларына да бай. Кен байыту ошақтарының орны осы жерлердегі топонимикалық атауларға байланысты. Қосқұдық, Сорқұдық, Шиелікұдық, Елуқұдық атаулары жиі кездеседі.

Металды байытуға, қорытуға ертедегі металлургия сұды құдықтардан алған. Құрғақ климатты жағдайда, жазда өзен суы тартылып қалғанмен аллювиальді жыныс астында өзен үздіксіз ағып жатады. Жергілікті жердің осы ерекшелігін білетін ерте дүние кеншілері құдықтар қазып алатын болған.

Өлкеде тау-кен ісінің ұзақ ғасырлар ішінде үзіліссіз бірде бәсеңдеп, бірде қарқынды дамуына климат пен жыл ішіндегі ауа райының тұрақтылығы да әсер еткен деуге болады. Климаттың тұрақты болуына шаруашылықта бейімделген болатын. Ерте кеншілер отынды жергілікті жердегі құмдағы сексеуілден, таулардағы ормандардан алып отырған.

Осы жағдайларға байланысты көне металлургияның дамуына табиғи ландшафттардың әр алуандығы себеп болды [2, 103-105].

Біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырда өмір сүрген Геродотқа жүгінсек, қазіргі Жезқазған жерін жайлаған сақтардың үлкен тайпасы массагеттер мыс пен алтын, күміс өндіруді игеріп, қару-жаракты мыстан дайындаған. Осы өңірдегі кен орындары туралы алғашқы тұжырымдаманы 1627 жылы жасалған сол замандағы зерттеудің бірі «Книга Большому чертежу» келтірген деректерден табамыз. Пайдалы аймақтардың сипаттамасын келтірген Индер көліндегі тұз, Ұлытау маңайындағы қалайы кені, Жыланшық өзенінің бойында кездесетін сары, қызыл бояулар туралы мәліметтер бар.

XVIII ғасырдың басында Сібірді зерттеуші географ-ғалым С. Ремезовтың зерттеулері Орталық Қазақстанның табиғи байлықтары туралы мәліметтерді толықтыра түсті.

Ұлытау өңірінің көне өндіріс орталығы болғандығын XVIII ғасырдың аяғында қазақ жеріндегі орыс зерттеушілерінің бірі Н. Рычков та дәлелдеді. 1771 жылдың 12 мамырында оның экспедициясы Ұлытау, Жезқазған өңіріне келгенде: «Ұлытау қойнауынан басталатын әйгілі өзендер Ұлықарағай, Жыланшық, Кеңгір, Сарыкеңгір, Жездікеңгір бойында ертедегі адамдардың қазған кендерінен алтын мен күмістің белгілері табылды» -деп жазады.

Ресей ғылым академиясы тарапынан ұйымдастырылған арнаулы экспедицияға белгілі ғалымдар П. Паллас, И. Георги, И. Фальк жетекшілік етті. Олардың зерттеуінде де Жезқазған өңірінің кен байлығын игеру көне заманнан басталғанын анықтады.

Жезқазған қоныстары арасында ең ірілері Крестово – Воздвижское, Милықұдық, Айнакөл, Златоуст.

Шұңқырлар түріндегі ертедегі тұрақтардың қалдықтары, сол сияқты руда өндірумен, өңдеу орындары Жезқазған өңірінде орналасқан Тасқұдық, Құлманнан табылған.

Мәдени қабаттарының байлығымен 1929 жылы ашылған Милықұдық пен Кресто қоныстары ерекшеленеді. Кресто – Центр ауданында тереңдігі 12-15 м, ұзындығы бірнеше км созылған өте ірі ертедегі карьерлер табылған. Кейінірек Кресто карьерінен қазба жұмыс нәтижесінде ерте кезде дайындалып қойылған, балқытуға дайын, жақсы ұсатылған руда табылған.

Кресто – Центрден көптеген тау-кен құралдары, тас копарғыштар, қайла, балғалар, т.б. табылған.

Табылған заттардың барлығы қола дәуіріне Кресто мен Милықұдық мыс өндіру орталығы болғанын дәлелдейді. Алғашқыда мысты өндіріп қазса, екіншісінде оны балқытып өңдейтін болған.

Бұл қоныс өте ұзақ уақыт бойы қола дәуірінен орта ғасырларға дейін өмір сүрген. Қоныстың аумағы өте үлкен, жалпы ауданы Қ.И. Сәтпаевтың өлшемі бойынша 10 гектардан кем емес. Мұндағы руда ұсату техникасы ерекше қызығушылық туғызады. Бұл жерден 15 балқыту пештері табылған, олардың біршама бөлігі кейінгі қола дәуіріне жатады. Металл өңдеу құралдары ішінен құюға арналған қалыптар үлкен қызығушылық туғызады. Олар жұмсақ тастан жасалған шаршы пішіндес, тік бұрышты, шар пішіндес етіліп жақсылап тегістеліп жасалған [3, 201-204].

Айнакөл қонысы Жезқазғандағы мыс балқыту орталықтарының бірі болды. Бұл жерде Милықұдықтағы тәрізді су жинаушы шұңқырлар, руда өңдеу және байыту орындары мыс балқыту пештерінің орындары т.б. анықталған.

Салыстырмалы алып қарайтын болсақ, кен ошақтарының келесі бір бөлігі Орталық Қазақстанның шығыс бөлігі Қарқаралы даласы, таулы өңірі болды. Бұған ірі ертедегі кен орындарының (Атабай, Әділ, Кентөбе, Қызылеспе, Қорғантас, Саяқ т.б.) қоныстардың, зираттардың болуы куә болды.

Осындай ірі кен өндірісінің бірі Қарқаралы I қонысында болды. Ол Қарқаралы өзенінің таудан ағар бастауына жақын орналасқан.

1940 жылы Қарқаралы I қонысының территориясынан геолог И. Могилевский дөңгелек еденді және күл қалдықтары сақталған мыс қорыту пешін тапты. Қарқаралы пештері Қалба тауларынан және Бала Терісаққан өзені жазығынан табылған пештермен өте ұқсас [4, 77-78].

1945-48 жылдары Жезқазған ауданында бірнеше археологиялық зерттеулер жүргізген Н. Валкунский болды. Ол ежелгі тау-кен ісі және металлургия жайлы археологиялық материал жинақтады. Оның маңызды еңбегінің бірі Милықұдық кен орны болды. Үш қабатты мәдени пластыдан тұратын археологиялық ескерткіш сонау қола дәуірінен кейінгі орта ғасыр аралығын қамтиды. Аты аталған ескерткіштің қабаттарында өндіріс бөлмелері, метал қорыту пешінің орындары, рудалардың қалдықтары табылған. Осы бір ерекше бұйымдардың өзі Жезқазған өңірінің ерте дәуірде де металлургиялық өндірістің орталықтарының бірі болғанын дәлелдейді.

1947 жылы Жезқазғанда геология мұражайы ұйымдастырылды, онда қойылған коллекциялардың жартысы дерлік археологиялық маңызы бар ескерткіштер болды. Мұражайды ұйымдастыруда Қ.И.Сәтпаев пен В.Штифанов қатысты.

XX ғасырдың 30-шы жылдары геологтар Жезқазғанның ежелгі және орта ғасырлардағы металлургия орталығы ретінде тарихи маңызын ашты. Жезқазған мен Ұлытау жер қойнауларын зерттеуші және керемет білгірі Қ.И. Сәтбаев бұл туралы өзінің бірнеше мақаласында жазды. Қ.И. Сәтбаевтың Жезқазғанның ежелгі металлургия орталығы екендігі туралы пайымдаулары екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде дәлелденді.

Жер қойнауынан өндірілген, жақсылап ұсақталған және байытылған кеннің аумағы, балқыту пештері мен ірі шеберханалардың көптігі мыс пен темірдің ежелгі және ортағасырлық Жезқазғанда тек ішкі сұраныс мәселелерін шешу үшін ғана емес, сонымен бірге көрші елдер мен мемлекеттерді қамтамасыз ету үшін де шығарылғанын білдіреді. Өкінішке қарай, Қазақстан тарихында осы бір келелі сұрақ әлі де толық зерттелмеген. Бұл Қазақстан археологтарының алдында тұрған, зерттеуді қажет ететін үлкен мәселе.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Сәтпаев К. И. Доисторические памятники в Джезказганском районе. Избранные сочинения, Алма-Ата, 1941. 69-70 б.
2. Маргулан А. Х. Бегазы-Дандыбайская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979. 103-105 б.
3. Маргулан А. Х. К изучению памятников района р. Сарысу и Улытау // Вестник АН Каз ССР // № 2, 1948. 201-204 б.
4. Маргулан А. Х. Некоторые итоги и перспективы археологического изучения Казахстана. Изв. АН Каз ССР. Сер археологическая. 1948 вып. 1. 77-78 б.